

Мемлекеттік Медетші банктің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 22 маусымдағы N 579

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны "Медетші қор" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Медетші қор" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының уәкілетті мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі екі апталық мерзім ішінде "Медетші қор" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысын бекітсін, оны мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін және осы қаулыға сәйкес Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 наурыздағы N 359 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 10, 122-құжат);

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 шілдедегі N 907 қаулысы.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер - Министр